

Аңшылардың және аңшылық шаруашылығы субъектілерінің қоғамдық бірлестіктерінің , сондай-ақ балық аулаушылар мен балық шаруашылығы субъектілерінің қоғамдық бірлестіктерінің республикалық қауымдастықтарын аккредиттеу, оларды аккредиттеуден өткізу қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 2020 жылғы 31 қаңтардағы № 28 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2020 жылғы 31 қаңтарда № 19960 болып тіркелді.

"Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 1-тармағының 40) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Аңшылардың және аңшылық шаруашылығы субъектілерінің қоғамдық бірлестіктерінің, сондай-ақ балық аулаушылар мен балық шаруашылығы субъектілерінің қоғамдық бірлестіктерінің республикалық қауымдастықтарын аккредиттеу, оларды аккредиттеуден өткізу қағидалары бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын;

3) осы бұйрық мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күн ішінде Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтердің ұсынылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік жиырма бір күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігінің

Министрдің м.а.

Е. Нысанбаев

КЕЛІСІЛДІ

Аңшылардың және аңшылық шаруашылығы субъектілерінің қоғамдық бірлестіктерінің, сондай-ақ балық аулаушылар мен балық шаруашылығы субъектілерінің қоғамдық бірлестіктерінің республикалық қауымдастықтарын аккредиттеу, оларды аккредиттеуден өткізу қағидалары

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Аңшылардың және аңшылық шаруашылығы субъектілерінің қоғамдық бірлестіктерінің, сондай-ақ балық аулаушылар мен балық шаруашылығы субъектілерінің қоғамдық бірлестіктерінің республикалық қауымдастықтарын аккредиттеу, оларды аккредиттеуден өткізу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 9-бабы 1-тармағының 40) тармақшасына сәйкес әзірленді және аңшылардың және аңшылық шаруашылығы субъектілерінің қоғамдық бірлестіктерінің республикалық қауымдастықтарын сондай-ақ, балық аулаушылар мен балық шаруашылығы субъектілерінің қоғамдық бірлестіктерінің республикалық қауымдастықтарын аккредиттеуді, оларды аккредиттеуден өткізуді ұйымдастыру және жүргізу тәртібін анықтайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізі ұғымдар пайдаланылады:

1) аккредиттеу – аккредиттеу жөніндегі орган өтініш берушінің белгілі бір салада сәйкестікті бағалау жұмыстарын орындау құзыретін ресми танитын рәсім;

2) аккредиттеу субъектісі – аңшылардың және аңшылық шаруашылығы субъектілерінің қоғамдық бірлестіктерінің сондай-ақ, балық аулаушылар мен балық шаруашылығы субъектілерінің қоғамдық бірлестіктерінің республикалық қауымдастықтары (бұдан әрі – қауымдастық);

3) аңшылық минимумы – оқыту бағдарламасының Қазақстан Республикасының жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы заңнамасының, аңшы куәлігін беру үшін білу міндетті шарт болып табылатын аң аулау кезіндегі қауіпсіздік техникасының мәселелерін қарастыратын арнайы қысқаша курсы;

4) уәкілетті орган – жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган.

5) уәкілетті орган ведомствосы – уәкілетті органның мамандандырылған бөлімшесі.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 23.01.2023 № 14 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3. Аккредиттеуді Заңның 33-1-бабында көзделген қызмет түрлерін жүзеге асыру құқығын растау үшін уәкілетті орган ведомствосы аккредиттеу субъектісіне жүргізеді.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 23.01.2023 № 14 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Аккредиттеуді жүргізу рәсімдері:

1) аккредиттеуді жүргізу туралы хабарландыру жариялау;

2) қауымдастықтардың уәкілетті орган ведомствосына осы Қағидалардың 7-тармағында көрсетілген құжаттарды беруі;

3) аккредиттеу материалдарын қарауы;

4) аккредиттеу туралы куәлікті беру немесе оны беруден дәлелді бас тарту.

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 23.01.2023 № 14 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-тарау. Аккредиттеуді жүргізу тәртібі

5. Аккредиттеу мерзімі мен оны өткізу шарттары туралы хабарландыру аккредиттеу жүргізілгенге дейін он жұмыс күн бұрын уәкілетті орган ведомствосының ресми интернет-ресурсында қазақ және орыс тілдерінде орналастырылады.

Ескерту. 5-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 23.01.2023 № 14 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

6. Алып тасталды - ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 23.01.2023 № 14 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Мемлекеттік қызмет көрсету процесінің сипаттамасын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де мәліметтерді қамтитын мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі осы Қағидаларға 7-қосымшада келтірілген.

Уәкілетті орган осы Қағидаларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу туралы нормативтік құқықтық актіні бекіткен күннен бастап үш жұмыс күні ішінде енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты Бірыңғай байланыс орталығына жібереді.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 23.01.2023 № 14 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Көрсетілетін қызметті беруші құжаттар келіп түскен күні оларды қабылдауды, тіркеуді жүзеге асырады.

Жауапты қызметкер көрсетілетін қызметті алушының өтініші тіркелген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде ұсынылған құжаттардың толықтығын және қолданылу мерзімдерін тексереді.

Көрсетілетін қызметті алушы барлық қажетті құжаттарды Портал арқылы берген кезде Көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алу күнін көрсете отырып, мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебесі көрсетіледі.

Көрсетілетін қызметті алушы осы Қағидаларға 7-қосымшада баяндалған мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың Тізбесіне сәйкес құжаттар топтамасын және (немесе) қолданылу мерзімі өткен құжаттарды толық ұсынбаған жағдайларда көрсетілетін қызметті беруші өтінішті қабылдаудан бас тартады.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 23.01.2023 № 14 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Алып тасталды - ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 23.01.2023 № 14 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Уәкілетті орган ведомствосы өтінім түскен сәттен бастап бес жұмыс күні ішінде аккредиттеу туралы куәлікті береді немесе аккредиттеуден дәлелді бас тарту жібереді.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 23.01.2023 № 14 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер осы Қағидаларға 7-қосымшада жазылған.

Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің 73-бабына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер анықталған кезде көрсетілетін қызметті беруші көрсетілетін қызметті алушыға мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы алдын ала шешім туралы, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім бойынша ұстанымын білдіру мүмкіндігі үшін тыңдауды өткізу уақыты мен орны (тәсілі) туралы хабарлайды.

Тыңдау туралы хабарлама мемлекеттік қызмет көрсету мерзімі аяқталғанға дейін кемінде 3 (үш) жұмыс күні бұрын жіберіледі.

Тыңдау хабарлама жасалған күннен бастап 2 (екі) жұмыс күнінен кешіктірілмей жүргізіледі.

Тыңдау нәтижелері бойынша көрсетілетін қызметті беруші аңшылар мен аңшылық шаруашылығы субъектілері қоғамдық бірлестіктерінің республикалық қауымдастықтарын аккредиттеу туралы куәлік, балық аулаушылар мен балық шаруашылығы субъектілері қоғамдық бірлестіктерінің республикалық қауымдастықтарын аккредиттеу туралы куәлік немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап береді.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 23.01.2023 № 14 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Аңшылар және аңшылық шаруашылығы субъектілері қоғамдық бірлестіктерінің республикалық қауымдастықтарын аккредиттеу туралы куәлік осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша төрт жыл мерзімге беріледі.

Балық аулаушылар және балық шаруашылығы субъектілері қоғамдық бірлестіктерінің республикалық қауымдастықтарын аккредиттеу туралы куәлік осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша екі жыл мерзімге беріледі.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 23.01.2023 № 14 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. Аккредиттеу туралы куәлік иеліктен шығарылмайды және үшінші тұлғаларға берілуге жатпайды.

14. Атауы және (немесе) орналасқан жері өзгерген жағдайда қауымдастық бес жұмыс күні ішінде уәкілетті орган ведомствосына аккредиттеу туралы куәлікті қайта ресімдеу туралы осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш береді.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 23.01.2023 № 14 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15. Қауымдастықтың аккредиттеу туралы не аккредиттеуден бас тарту туралы шешіміне Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен шағым жасалуы мүмкін.

16. Аккредиттеу туралы куәлік өзінің қолданылуын:

- 1) оның қолданылу мерзімі аяқталған;
- 2) қауымдастықтың қайта ұйымдастырылған немесе таратылған;
- 3) қауымдастық куәліктің қолданылуын өз еркімен тоқтату туралы өтініш берген;
- 4) уәкілетті орган ведомствосы Заңның 33-1-бабында көзделген қызметтің тиісті дәрежеде жүзеге асырылмауы туралы фактілерді анықтаған жағдайларда тоқтатылады.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 23.01.2023 № 14 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

17. Аккредиттеу туралы куәліктің қолданысын тоқтата тұру, қайта бастау, одан айыру (кері қайтарып алу) "Рұқсаттар мен хабарламалар туралы" 2014 жылғы 16 мамырдағы Қазақстан Республикасы Заңының 45-бабында көзделген тәртіппен және (немесе) негіздер бойынша жүзеге асырылады.

3-тарау. Аңшылар мен аңшылық шаруашылығы субъектілері қоғамдық бірлестіктерінің республикалық қауымдастықтарын, сондай-ақ балық аулаушылар мен балық шаруашылығы субъектілерінің қоғамдық бірлестіктерін аккредиттеу нәтижелеріне шағым жасау тәртібі

Ескерту. Қағида 3-тараумен толықтырылды - ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 13.09.2021 № 369 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

18. Көрсетілетін қызметті беруші қызметкерлерінің шешіміне, әрекетіне (әрекетсіздігіне) шағым көрсетілетін қызметті беруші басшысының атына және (немесе) Қазақстан Республикасының әкімшілік рәсімдік-процестік кодексіне және "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Заңға (бұдан әрі – Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы Заң) сәйкес мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органға беріледі.

Көрсетілетін қызметті берушінің атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес тіркелген күнінен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

Мемлекеттік қызметтер көрсету сапасын бағалау және бақылау жөніндегі уәкілетті органның атына келіп түскен көрсетілетін қызметті алушының шағымы Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес тіркелген күнінен бастап 15 (он бес) жұмыс күні ішінде қаралуға жатады.

19. Көрсетілетін қызметті беруші шешімінің нәтижелерімен келіспеген жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы Заңның 4-бабының б) тармақшасына сәйкес сотқа жүгінеді.

Аңшылардың және аңшылық шаруашылығы субъектілерінің қоғамдық бірлестіктерінің, сондай-ақ балық аулаушылар мен балық шаруашылығы субъектілерінің қоғамдық бірлестіктерінің республикалық қауымдастықтарын аккредиттеу, оларды аккредиттеуден өткізу қағидаларына
1-қосымша
Нысан

Кімге: _____

(аккредиттеу органы басшысының лауазымы, тегі,
аты-жөні, әкесінің аты (бар болса))

Кімнен: _____

(лауазымы, заңды тұлғаның атауы)

Реквизиттері: _____

(БСН, байланыс телефоны, электронды мекенжайы)

Өтініш

_____ (заңды тұлғаның атауы)

_____ аккредиттеуді
сұраймын.

Жүзеге асыру үшін _____

(аккредитация саласындағы жұмыс түрлері) _____

Өтінішке мынадай құжаттар қоса беріледі:

1. _____

2. _____

3. _____

4. _____

5. _____

(қолы) _____ (лауазымы, тегі, аты-жөні, әкесінің аты (бар болса))

Күні: 20__ жылғы " __ " _____

Мөрдiң орны
(жеке кәсiпкерлер)

болып табылатын
тұлғаларды қоспағанда)
Аңшылардың және аңшылық
шаруашылығы субъектілерінің
қоғамдық бірлестіктерінің,
сондай-ақ балық аулаушылар
мен балық шаруашылығы
субъектілерінің қоғамдық
бірлестіктерінің республикалық
қауымдастықтарын аккредиттеу,
оларды аккредиттеуден өткізу
қағидаларына
2-қосымша
Нысан

Мәліметтер нысаны

(аңшылардың және аңшылық шаруашылығы субъектілерінің қоғамдық бірлестіктерінің республикалық қауымдастықтары үшін)

Аңшылық минимумының бағдарламасы бойынша теориялық курс өткізу үшін жабдықталған үй-жайлар туралы мәліметтер

1) Мекенжайы: _____

2) Үй-жайлардың сипаттамасы, жабдықтар және алаңы _____

3) Жеке меншік құқығын растайтын құжаттың нөмірі және күні _____
өкілдіктер және (немесе) филиалдар туралы мәліметтер (бар болса)

4) Мекенжайы: _____

5) Атауы: _____

6) филиалды және (немесе) өкілдікті тіркеу туралы заңды және жеке тұлғалар үшін анықтама _____

Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы кәсіби білімі бар қызметкерлердің тиісті штатының болуы туралы мәліметтер

7) Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) _____

8) Лауазымы _____

9) Осы ұйымда жұмыс істейді _____

(тұрақты немесе уақытша екені көрсетілсін)

10) Жұмыс өтілі: _____

(мамандығы және атқаратын қызметі көрсетілсін)

11) Оқу орнының атауы _____

12) Оқу жылдары _____

13) Диплом бойынша біліктілігі _____

14) Диплом бойынша мамандығы _____

Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласында арнайы әдебиеттің, аңшылық минимумы бойынша әдістемелік материалдардың, көмекші құралдар мен экспонаттардың

15) Атауы: _____

16) Өлшем бірлігі: _____

17) Саны: _____

Веб-сайттың болуы туралы мәліметтер

18) Атауы: _____

19) Өлшем бірлігі _____

20) Саны _____

21) Ескертпе _____

Қауымдастық құрылтайшыларында мүшелерінде аңшылық шаруашылығын жүргізу , азаматтарды аңшылық минимумына оқыту бойынша жұмыс тәжірибесінің болуы туралы мәліметтер

22) Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) _____

23) Лауазымы _____

24) Осы ұйымда жұмыс істейді _____

(тұрақты немесе уақытша екені көрсетілсін)

25) Жұмыс өтілі: _____

(мамандығы және атқаратын қызметі көрсетілсін)

26) Оқу орнының атауы _____

27) Оқу жылдары _____

28) Диплом бойынша біліктілігі _____

29) Диплом бойынша мамандығы _____

Қауымдастық құрамында аңшылар мен аңшылық шаруашылығы субъектілері
қоғамдық бірлестіктерінің болуы туралы мәліметтер

30) Қоғамдық бірлестіктердің атауы _____

31) Саны _____

32) Мекенжайы: _____

Берілген ақпараттың дұрыстығын растаймын және теріс мәліметтер бергені үшін
Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік жайында
хабардармын.

Ақпараттық жүйелерде болатын заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді пайдалануға келісемін.

Өтініш берілген күн 20__ жылғы " __ " _____

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы

Мөрдін орны

(жеке кәсіпкерлер

болып табылатын

тұлғаларды қоспағанда)

Аңшылардың және аңшылық шаруашылығы субъектілерінің

қоғамдық бірлестіктерінің,

сондай-ақ балық аулаушылар

мен балық шаруашылығы

субъектілерінің қоғамдық

бірлестіктерінің республикалық

қауымдастықтарын аккредиттеу,

оларды аккредиттеуден өткізу

қағидаларына

3-қосымша

Ескерту. 3-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 23.01.2023 № 14 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Нысан

Мәліметтер нысаны

(балық аулаушылар мен балық шаруашылығы субъектілерінің қоғамдық бірлестіктерінің республикалық қауымдастықтары үшін)

Филиалдар және (немесе) өкілдіктер туралы мәліметтер

1) Мекенжайы: _____

2) Атауы _____

3) Заңды тұлғаларға филиалдар және (немесе) өкілдіктердің тіркелуі туралы анықтама

Веб-сайт және басқа да ақпараттық порталдардың болуы туралы мәліметтер

4) Атауы: _____

5) Өлшем бірлігі _____

6) Саны _____

7) Ескертпе _____

Балық ресурстарын қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласында кәсіби білімі және кемінде іш жыл жұмыс тәжірибесі бар қызметкердің штаты туралы мәліметтер

8) Тегі, аты, әкесінің аты (бар болса) _____

9) Лауазымы _____

10) Осы ұйымда жұмыс істейді _____

(тұрақты немесе уақытша екені көрсетілсін)

11) Жұмыс өтілі _____

(мамандығы және атқаратын қызметі көрсетілсін)

12) Оқу орнының атауы _____

13) Оқу жылдары _____

14) Диплом бойынша біліктілігі _____

15) Диплом бойынша мамандығы _____

Қауымдастық құрамында әуесқой балықшылар мен спорттық балық аулау қоғамдық бірлестіктерінің болуы туралы мәліметтер

16) Қоғамдық бірлестіктердің атауы _____

17) Саны _____

18) Мекенжайы _____

Қауымдастықта тіркелген меншік құқығындағы және (немесе) өзге де заңды негіздегі барлық филиалдарда және (немесе) өкілдіктерде қызметтік орынжайлардың бар-жоғы туралы мәліметтер

19) Мекенжайы _____

20) Ауданы _____

21) Құқық белгілейтін құжаттар _____

Берілген ақпараттың дұрыстығын растаймын және теріс мәліметтер бергені үшін Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапкершілік жайында хабардармын.

Ақпараттық жүйелерде болатын заңмен қорғалатын құпияны құрайтын мәліметтерді

пайдалануға келісемін.

Өтініш берілген күн 20__ жылғы " __ " _____.

(тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), қолы)

Аңшылардың және аңшылық шаруашылығы субъектілерінің қоғамдық бірлестіктерінің, сондай-ақ балық аулаушылар мен балық шаруашылығы субъектілерінің қоғамдық бірлестіктерінің республикалық қауымдастықтарын аккредиттеу, оларды аккредиттеуден өткізу қағидаларына
4-қосымша
Нысан

Елтаңба Аңшылар және аңшылық шаруашылығы субъектілері қоғамдық бірлестіктерінің республикалық қауымдастықтарын аккредиттеу туралы куәлік

№ _____ 20 ____ жылғы " __ " _____

"Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 1-тармағының 40) тармақшасына сәйкес

(аккредиттеу органының атауы)

_____ мекенжайында орналасқан мынадай қызмет түрлерін жүзеге асыруға аккредиттеледі:

1) аңшылар және аңшылық шаруашылығы субъектілері қоғамдық бірлестіктерінің аңшылық шаруашылығын, аңшылық ит өсіруді, аң-құстарды өсіруді дамыту жөніндегі қызметін үйлестіру;

2) аңшылар және аңшылық шаруашылығы субъектілері қоғамдық бірлестіктерінің мүддесін мемлекеттік органдар мен ұйымдарда, сондай-ақ мемлекеттік емес және халықаралық ұйымдарда білдіруді;

3) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану мәселелері жөніндегі нормативтік құқықтық актілерді және басқа да құжаттарды дайындауға қатысу;

4) жануарлар дүниесі объектілерінің мониторингіне және есебін алуға қатысу;

5) балық ресурстарын және басқа да су жануарларын қоспағанда, жануарлар әлемі объектілерін алып қою квоталарын бөлу;

6) аң аулауға пайдаланылатын аушы жыртқыш құстарды тіркеу мен есепке алуды жүргізу;

7) өз филиалдары мен өкілдіктері арқылы аңшы куәлігін беру, белгіленген нысан бойынша аң аулаушының берілген куәлігі туралы есептемені уәкілетті органға ұсыну;

8) бекітіп берілген аңшылық алқаптарында аң аулау объектілері болып табылатын жануарлар түрлерінің санын есепке алуды жүргізуге қатысуды, аңшылық шаруашылығының субъектілері ұсынған деректерді талдау мен жалпылауды және жануарлар дүниесі объектілерін алып қою лимитін дайындау үшін уәкілетті орган ведомствосының аумақтық бөлімшелеріне ұсынымдар енгізу;

9) жануарлар дүниесінің өсімін молайтуды ұйымдастыруды;

10) аңшылық алқаптарды бекітіп беру жөніндегі конкурстық комиссияларға қатысу;

11) аушы жыртқыш құстар мен аңшылық иттерді пайдалана отырып, аң аулаудың ұлттық түрлерін дамытуды ұйымдастыруды;

12) Жарғыда көзделген және Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де қызметті жүзеге асырады.

Куәлік 20 ____ жылғы " _ " _____ дейін жарамды.

Аккредиттеу органының басшысы _____

(қолы) (тегі, аты-жөні, әкесінің аты (ол бар болса))

Мөрдiң орны

Сериясы _____ № _____

Берілген күні 20 ____ жылғы " ____ "

Аңшылардың және аңшылық шаруашылығы субъектілерінің қоғамдық бірлестіктерінің, сондай-ақ балық аулаушылар мен балық шаруашылығы субъектілерінің қоғамдық бірлестіктерінің республикалық қауымдастықтарын аккредиттеу, оларды аккредиттеуден өткізу қағидаларына
5-қосымша
Нысан

Елтаңба Балық аулаушылар және балық шаруашылығы субъектілері қоғамдық бірлестіктерінің республикалық қауымдастықтарын аккредиттеу туралы куәлік

№ _____ 20 ____ жылғы " _ " _____

"Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" 2004 жылғы 9 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 1-тармағының 40) тармақшасына сәйкес

(аккредиттеу органының атауы)

_____ мекенжайында орналасқан
мынадай қызмет түрлерін жүзеге асыруға аккредиттеледі:

1) балық аулаушылар мен балық шаруашылығы субъектілерінің қоғамдық бірлестіктерінің балық шаруашылығын, акваөсіруді, жануарлар түрлерінің өсімін молайтуды, әуесқойлық (спорттық) балық аулауды дамыту жөніндегі қызметін үйлестіру;

2) балық аулаушылар мен балық шаруашылығы субъектілері қоғамдық бірлестіктерінің мүдделерін мемлекеттік органдар мен ұйымдарда, сондай-ақ мемлекеттік емес және халықаралық ұйымдарда білдіру;

3) жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану мәселелері бойынша нормативтік құқықтық актілерді және басқа да құжаттарды дайындауға қатысу;

4) балық ресурстарының және басқа да су жануарларының мониторингісіне және оларды есепке алуға қатысу;

5) балық ресурстарын және басқа да су жануарларын алып қою квоталарын бөлу;

6) балық шаруашылығы су айдындарын және (немесе) учаскелерін бекітіп беру жөніндегі конкурстық комиссияға қатысу;

7) балық шаруашылығын дамытуға бөлінетін субсидияларды бөлуге қатысу;

8) мемлекеттік әлеуметтік тапсырыс шеңберінде балық ресурстары және басқа да су жануарларының жаппай ауыруы, олардың қырылу қаупі, балықтардың қырылу қаупі жағдайларында, сондай-ақ жас балықтарды құтқаруды ұйымдастыруға көмектесуге қатысуды;

9) Жарғыда көзделген және Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған өзге де қызметті жүзеге асыру.

Куәлік 20 ___ жылғы " _ " _____ дейін жарамды.

Аккредиттеу органының басшысы _____ (қолы) (тегі, аты-жөні, әесінің аты (бар болса))

Мөрдін орны

Сериясы _____ № _____

Берілген күні 20 _____ жылғы " _____ "

Аңшылардың және аңшылық шаруашылығы субъектілерінің қоғамдық бірлестіктерінің, сондай-ақ балық аулаушылар мен балық шаруашылығы субъектілерінің қоғамдық бірлестіктерінің республикалық қауымдастықтарын аккредиттеу, оларды аккредиттеуден өткізу қағидаларына
6-қосымша
Нысан

Кімге: _____

(аккредиттеу органы басшысының лауазымы, тегі, аты-жөні, әесінің аты (бар болса))

Кімнен: _____

(лауазымы, заңды тұлғаның атауы)

Реквизиттері: _____

(БСН, байланыс телефоны, электронды мекенжайы)

Аңшылар және аңшылық шаруашылығы субъектілері қоғамдық бірлестіктерінің республикалық қауымдастықтарын, сондай-ақ балық аулаушылар және балық шаруашылығы субъектілері қоғамдық бірлестіктерінің республикалық қауымдастықтарын аккредиттеу туралы куәлікті қайта рәсімдеуге

Өтініш

Аккредиттеу туралы куәлікті қайта рәсімдеп беруді сұраймын.

_____ (заңды тұлғаның атауы)

берілген _____

(уәкілетті органның атауы)

Жүзеге асыру үшін _____

(аккредитация саласындағы жұмыс түрлері)

_____ мына (дай) негіздеме (лер) бойынша:

1) атауының өзгеруі;

2) заңды мекенжайының өзгеруі

Өтінішке мынадай құжаттар қоса тіркеледі:

1. _____

2. _____

3. _____

4. _____

5. _____

Байланыс телефондары _____ E-mail _____

Қосымша: _____ парақ (та) 1 данада _____

_____ тегі, аты-жөні, әкесінің аты (ол бар болса))

_____ ҚОЛЫ

_____ 20 _____ жыл _____

Мөрдiң орны
(жеке кәсiпкерлер
болып табылатын
тұлғаларды қоспағанда)
Қазақстан Республикасының

Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің
 2020 жылғы 31 қаңтардағы
 № 28 бұйрығымен бекітілген
 Аңшылардың және аңшылық шаруашылығы субъектілерінің
 қоғамдық бірлестіктерінің,
 сондай-ақ балық аулаушылар мен балық шаруашылығы субъектілерінің қоғамдық бірлестіктерінің республикалық қауымдастықтарын аккредиттеу, оларды аккредиттеуден өткізу қағидаларына 7-қосымша
 Нысан

Ескерту. 7-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Экология және табиғи ресурстар министрінің 23.01.2023 № 14 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

<p>"Аңшылардың және аңшылық шаруашылығы субъектілерінің қоғамдық бірлестіктерінің, сондай-ақ балық аулаушылар мен балық шаруашылығы субъектілері қоғамдық бірлестіктерінің республикалық қауымдастықтарын аккредиттеу" мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі</p> <p>1. Аңшылардың және аңшылық шаруашылығы субъектілерінің қоғамдық бірлестіктерінің республикалық қауымдастықтарын аккредиттеу</p> <p>2. Балық аулаушылар мен балық шаруашылығы субъектілері қоғамдық бірлестіктерінің республикалық қауымдастықтарын аккредиттеу</p>		
1.	Көрсетілетін қызмет берушінің атауы	Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі комитеті және Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрлігінің Балық шаруашылығы комитеті.
2.	Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері (қол жеткізу арналары)	Барлық кіші түрлері бойынша: "Электрондық үкіметтің" веб-порталы: www.egov.kz (бұдан әрі-Портал).
3.	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	5 (бес) жұмыс күн
4.	Мемлекеттік қызмет көрсету нысаны	Барлық кіші түрлері бойынша: Электрондық (толық автоматтандырылған).
5.	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	Аңшылар мен аңшылық шаруашылығы субъектілері қоғамдық бірлестіктерінің республикалық қауымдастықтарын аккредиттеу туралы куәлік; Балық аулаушылар мен балық шаруашылығы субъектілері қоғамдық бірлестіктерінің республикалық

		қауымдастықтарын аккредиттеу туралы куәлік. Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін ұсыну нысаны: электронды.
6.	Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Барлық кіші түрлері бойынша: Мемлекеттік қызмет тегін көрсетіледі.
7.	Көрсетілетін қызметті берушінің, Мемлекеттік корпорацияның және ақпарат объектілерінің жұмыс графигі	1) көрсетілетін қызметті берушінің – демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбі-жұма аралығында сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін; 2) порталда – техникалық жұмыстарды жүргізуге байланысты үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтінім мен құжаттарды қабылдау, мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).
		аңшылар мен аңшылық шаруашылығы субъектілерінің қоғамдық бірлестіктерінің қауымдастығын аккредиттеу кезінде: 1) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш; 2) мыналардың: меншік құқығында және (немесе) өзге де заңды негіздерде аңшылық минимум бағдарламасы бойынша теориялық курс өткізу үшін жабдықталған үй-жайлардың; веб-сайттың; филиалдарының және (немесе) өкілдіктерінің (бар болса); жануарлар дүниесін молайту мен пайдалануды қорғау саласындағы арнайы әдебиеттерді, аңшылық минимумы жөніндегі әдістемелік материалдардың, құралдар мен экспонаттардың; жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану

8.

Мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесі

саласында кәсіптік білімі бар тиісті қызметкерлер штатының; қауымдастық құрамындағы әуесқой аңшылардың қоғамдық бірлестіктерінің болуын растайтын құжаттардың электрондық көшірмелерін;

3) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша аңшылар және аңшылық шаруашылығы субъектілері қоғамдық бірлестіктерінің республикалық қауымдастықтары үшін мәліметтер нысанын.

балық аулаушылар мен балық шаруашылығы субъектілері қоғамдық бірлестіктері қауымдастығының аккредиттеуден өтуі кезінде:

1) осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;

2) мыналардың: Қазақстан Республикасының барлық облыстарының аумағында филиалдарының және (немесе) өкілдіктерінің; қауымдастықтың немесе жеке және заңды тұлғалардың қызметі туралы ақпаратты орналастыруға және алуға арналған веб-сайт және басқада ақпараттық порталдардың ;

әрбір филиалдың немесе өкілдіктің штатында балық ресурстарын қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласында кәсіби білімі және кемінде іш жыл жұмыс тәжірибесі бар қызметкердің;

қауымдастықтың құрамында әуесқой балық аулаушылар мен спорттық балық аулау қоғамдық бірлестіктерінің болуын растайтын құжаттардың электрондық көшірмелерін;

қауымдастықта тіркелген меншік құқығындағы және (немесе) өзге де заңды негіздегі барлық филиалдарда және (немесе) өкілдіктерде балық шаруашылығы субъектілерімен және қауымдастық мүшелерімен жұмыс кездесулерін және консультациялар өткізу, сондай-ақ

		<p>балық шаруашылығы мәселелері бойынша жеке тұлғалар мен заңды тұлғалар өкілдерінің өтініштерін қарау үшін қызметтік үй-жайлардың; тігілген, нөмірленген және мөрмен бекітілген кіріс және шығыс хат-хабарларын тіркеу журналын;</p> <p>3) қайта аккредиттеу рәсімінен өткен жағдайда аккредиттеудің алдындағы кезеңінде "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту туралы" ҚР Заңы 33-1 бабының 3-тармағына бойынша атқарылған жұмыстар туралы есеп ұсынылады .</p> <p>4) балық аулаушылар мен балық шаруашылығы субъектілерінің қоғамдық бірлестіктерінің республикалық қауымдастықтары үшін осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес мәліметтердің тиісті нысанын береді.</p> <p>Заңды тұлғанының мемлекеттік тіркелуі (қайта тіркелуі) туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші тиісті мемлекеттік жүйелерден " электрондық үкімет" шлюзі арқылы алады.</p>
9.	Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін негіздер	<p>1) көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау;</p> <p>2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректер мен мәліметтердің осы Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;</p> <p>3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты белгілі бір мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін қызметке немесе жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы заңды күшіне енген сот шешімінің (үкімінің) болуы;</p>

		<p>4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың заңды күшіне енген шешімінің болуы, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуға байланысты арнайы құқығынан айырылуы.</p>
<p>10.</p>	<p>Мемлекеттік, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін қызметті көрсету ерекшеліктері ескерілген, өзге де талаптар</p>	<p>1) Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары: мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарының бірыңғай тұғырнамасы – www.gov.kz Экология және табиғи ресурстар министрлігі "деген бөлімде" қызметтер "деген кіші бөлімде:"; Португалда;</p> <p>2) көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасы болған жағдайда, мемлекеттік көрсетілетін қызметті портал арқылы электрондық нысанда алу мүмкіндігі бар;</p> <p>3) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету тәртібі мен мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдағы "жеке кабинеті", сондай-ақ Бірыңғай байланыс орталығы арқылы алу мүмкіндігі бар;</p> <p>4) портал арқылы мемлекеттік қызмет көрсету кезінде нашар көретіндерге арналған нұсқа қолжетімді болады;</p> <p>5) Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары Мемлекеттік органдардың интернет-ресурстарының бірыңғай платформасында көрсетілген – www.gov.kz, "Экология және табиғи ресурстар министрлігі" деген бөлімде "қызметтер" деген кіші бөлімде. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8-800-080-7777.</p>

Аңшылардың және аңшылық шаруашылығы субъектілерінің қоғамдық бірлестіктерінің, сондай-ақ балық аулаушылар

мен балық шаруашылығы
субъектілерінің қоғамдық
бірлестіктерінің республикалық
қауымдастықтарын аккредиттеу,
оларды аккредиттеуден өткізу
қағидаларына 8-қосымша
Нысан

Хабарлама

Ескерту. Қағида 8-қосымшамен толықтырылды - ҚР Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің 13.09.2021 № 369 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Берілді _____
_____ (көрсетілетін қызметті алушының толық атауы) Осы арқылы
Мемлекеттік мекеме _____
_____ (көрсетілетін қызметті берушінің толық атауы) Сіздің [өтініш күні] № [өтініш нөмірі] өтінішіңізді қарап, Сізге келесі құжаттарды ұсыну қажеттілігі туралы хабарлайды _____
_____ (құрылымдық элементті көрсету)

Қазақстан Республикасы Экология, геология және табиғи ресурстар министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 31 қаңтардағы № 28 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19960 болып тіркелген) Аңшылардың және аңшылық шаруашылығы субъектілерінің қоғамдық бірлестіктерінің, сондай-ақ балық аулаушылар мен балық шаруашылығы субъектілерінің қоғамдық бірлестіктерінің республикалық қауымдастықтарын аккредиттеу, оларды аккредиттеуден өткізу қағидаларына сәйкес осы хабарламаны Портал арқылы алған кезден бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде Сізге мынадай құжаттарды ұсыну қажеттілігі туралы хабарлайды:

Портал:

1. _____
2. _____
3. _____

Жоғарыда көрсетілген құжаттар көрсетілген мерзімде ұсынылмаған жағдайда, өтінішті одан әрі қарауға дәлелді бас тарту жіберіледі. _____

_____ (көрсетілетін қызметті беруші басшысының лауазымы) _____
_____ (көрсетілетін қызметті беруші басшысының тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда) Хабарламаны жіберу күні мен уақыты: 20__ ЖЫЛҒЫ " __ " _____ " __ " сағат " __ " мин.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК